

ӘОЖ 330.8(4/9)

Л.М. Даниярова\*, М. Құрманғазықызы

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

\*E-mail: Lmd\_15@mail.ru

**Жаһандану және экономикалық даму**

Бұл мақалада жаһандану кезеңінің Үндістанға тигізген әсері мен ықпалы талданған. Әлемдік экономика мен саясатта әрбір жаңа оқиға мемлекеттердің едәуір өзара қарым-қатынасын кезекті рет растайды. Осы байланыстың шегі мен жылдамдығын анықтау маңызды мәселе болып табылады. Қазіргі уақытта өте көп айтылып және жазылып жүрген жаһандану көптеген дамып келе жатқан мемлекеттерге әлсіз контрагенттерді тоқтататын және адаптивтілеуді алға итеретін жаңа мүмкіндіктер, проблемалар мен қарсы шығуларды алып келді.

Бұл ең алғаш заманауи өмірде ақпараттық технологиядағы революция мен капитал қозғалысының өсуіне байланысты сыртқы «шоктар» бір мемлекеттен екінші мемлекетке жылдам өтіп, соның салдарынан сыртқы тұрақсыздық факторы дамудың ішкі проблемаларын тереңдете түседі. Олардың экономикалық жағдайларына қалыптаспаған кейбір елдердің даму модельдерін көшіріп алуға әкеліп соқтыратын «көрсету әсері» де аз рөл атқармайды.

**Түйін сөздер:** экономика, жаһандану, нарық, импорт.

Л.М. Даниярова, М. Құрманғазықызы

**Глобализация и экономический рост**

В этой статье рассматривается эпоха глобализации в Индии и ее влияние на экономический рост. Каждое новое событие в мировой экономике и политике в очередной раз подтверждает глобальную взаимозависимость стран. Важной задачей становится определение меры и интенсивности этой связи. Глобализация, о которой так много говорят и пишут в наше время, принесла большинству развивающихся стран новые возможности, проблемы и вызовы, тормозящие более слабых контрагентов и подталкивающие вперед более адаптивных.

**Ключевые слова:** экономика, глобализация, цена, импорт.

L.M. Daniyarova, M. Kurmangazykyzy

**Globalization and economic growth**

This article discusses the era of globalization in India and its impact on economic growth. Each new event in the world economy and politics once again confirms the global interdependence of nations. An important task is to determine the action and intensity of that connection. Globalization, about which so much is said and written in our time, has brought most of the developing countries new opportunities, problems and challenges that hinder the weaker counterparties and push forward more adaptive.

**Keywords:** economy, globalization, rate, import.

Джеймсонның (АҚШ) айтуынша, жаһандану анықтамасы «бірнеше соқыр пілді суреттегенімен тең», осы түсінікті анықтау тіпті кітап бөлімдерінің бастарына да шығарылған [1,54]. Жалпы алғанда, бұл – өзінің сипатын тек

тауарлар, капитал, қызмет пен адамдардың трансшегаралық қозғалуын қысқарту ғана емес, сонымен қатар қоғамның принциптері мен саяси-мәдениеттік өмірінің негізін жақындататын әлем мемлекеттерінің

өндірісі мен капиталын интернализациялау процесі болып табылады. Бұл – заманауи коммуникациялық және ақпараттық технологиядағы мемлекеттердің, мекемелер мен адамдардың жылдам ашылып жатқан және қаржылық-экономикалық, бұқаралық-саясаттық және мәдени байланыстардың ашық гомогенизациялау жүйесі шегінде бүкіл әлемдегі мемлекеттердің өзара тәуелділігін күшейтуі.

Экономиканың осы күндері жаңа сатыға көшуіне байланысты: бүкіл планета аумағында бірыңғай жүйенің құрылу процесінің әсерінен микро және макроэкономикадан мегаэкономикаға, халықаралық қатынас пен проблемаларға да «планетарлық көзқараспен» қарау керек.

Түсініктің бірмағыналы еместігінің салдарынан жаһандану феноменіне арналған әдебиет «идеологиялық» бағыты бойынша әртүрлі болуы таңғаларлық емес.

Кешендік еңбектерге байланысты «бейтараптық» қатар да бар. Николас Крифтстің еңбегінде «20-ғасырдағы жаһандану мен өсу» БЭСР елдерінің және көптеген дамушы мемлекеттердің кіріс сатыларында теңдесі жоқ дивергенция кездесіп отырса да, басқа жағынан алғанда, осындай көрсеткіш адам дамуының индексі (АДИ) сияқты прогрестің оптимистік картинасы бейнеленген. Оның еңбегінің маңызды қағидаларының бірі болып даму нәтижесіне мемлекеттік саясаттың зор ықпалы бар деген қорытынды жатады. Еңбекте әрі қарай көрсетілгендей, осы құбылыстарды Үндістанның дамуынан байқауға болады [2,26].

Отандық әдебиетте де өсу мен жаһандану заманауи дәуірде мемлекеттер арасындағы теңсіздіктің күшеюін салыстыруға едәуір назар аударылған. Қазақстан да заманауи жаһанданушы әлемге кіретіндіктен, бірақ бұл оған оңайға соқпаса да, отандық ғалымшығыстанушылардың дамушы мемлекеттердің үлгісі мен тәжірибесіне назарын аударатындықтары таңғаларлық жай емес [3,2].

Жаһандану феноменінің әрқилылығы өте керемет.

Экономикалық әдебиетте жаһандану және қандай да бір параметрлерінің өзара байланысы жиі, жауабы екі қилы: өзара қатынас болымды да болымсыз да болатындай етіп қарастырылады. Мысал ретінде еркектер мен әйелдердің еңбекақысының арасындағы айырмашылық жаһандану

мен қысқартылу бөлінуі, жаһандану мен теңсіздік.

Сірә, дамушы мемлекеттерде осындай әртүрлі «кластері» жаһандану экономиканың дамуына оң немесе теріс әсерін тигізеді деген сұраққа бірқилы жауап беру мүмкін емес. Бірақ жаһанданудың оң жағы да бар, тауарларды, қызмет, капитал мен адамдардың мемлекеттік ұлттық шегараларынан өтуін жеңілдетті, сонда да, экономикалық әдебиетте оның теріс салдары кеңінен талқылануда. Тұтас алғанда оған объективті қарағанда мемлекеттердің барлық топтары үшін жаһанданудың теріс салдарынан келесіні белгілеп айтуға болады:

– кедей және бай мемлекеттер арасында экономикалық және саяси сатыларындағы айырмашылық. ЮНИДО сарапшылары жаһандануға «әлемдік экономиканы конкуренциямен қамтамасыз ететін қажетті өндірістік массаға жеткен және қалып қойған ұлттар арасындағы тереңдей түсетін процестегі әлемдік экономиканың құрылымын бұзу» деген анықтама берді;

– қоршаған орта үшін экономикалық жаһанданудың теріс салдары;

– дамушы мемлекеттерге өз өндірістерін трансұлттық корпорациясымен бірге дамыған ауыстыруына байланысты, жұмыспен қамту проблемаларының қиындауы,

– дамушы елдердің дамыған елдерінің жұмысшы күштерінің ағынына байланысты саяси проблемалар ұлттық мемлекеттердің экономикалық қызметтерінің босауы; олардың ашық және өзара байланыстарының өсу дәрежесінің көтерілуі салдарынан ұлттық экономиканың әлсіздігінің күшеюі;

– әлемдік нарықтың бос сегменттерінде өндіріс орнату салдарынан экономикалық көшбасшылар арасындағы бәсекелестіктің өсуіне байланысты;

– кейбір елдердің білімге деген жаңа талаптар, саяси және идеологиялық пуранизмнің қажеттілігінің артуы, азаматтық қоғам және тағы басқа позициялардың күшеюі және т.б. экономикалық жаһанданудың саяси және идеологиялық аспектілеріне бейімделуге дайын еместігі. Мұндай талаптар «альтер жаһандану» «басқа» жаһандануға шеру деген өмірге жаңа түсінік туғыза отырып, бірқатар елдердің кейбір ұлт топтарында қарсы әрекет туғызады [4,45].

Үндістанда «жалпы үнділік» процестер мен құбылыстарды анықтауға талпыну табыс-

қа ешқашан алып келмейді, өйткені адал зерттеуші ерте ме, кеш пе, оның құрған кестесін сенімсіздікке әкеліп соқтыратын фактілерге тап болады, ісі түскен шындық өте қарама-қайшы.

Кең көлемді ішкі нарығы бар Үндістан жаһанданудан пайда түсіруіне болатын сияқты. Өйткені, мысалы, ішкі нарықты ірі мемлекеттерде экспорттық және импорттық квоталар кіші мемлекеттерге қарағанда азырақ. Бұл мемлекет, батыс адамының көзқарасы бойынша, әлі де қысымдағы, тиімсіз ішкі қарама-қайшылықтары: штат пен облыстар ішіндегі лингво-ұлттық проблемалары кең көлемді кедейшілік бола тұра, жаһанданудың жаңа буынына түскен өткен ғасырдың 80-90 жылдары едәуір даму жылдамдығының жоғары көтерілуіне қол жеткізді [5,25].

Үндістанның даму қарқыны осы мерзімде (ЖИМ) жаңа индустриялық мемлекеттердің даму қарқынына жеткен жоқ, бірақ бұл мемлекет сыртқы шоктарға төзімді болып шықты. ЖИМ-ға қарғанда оған азиялық қаржылық дағдарыс едәуір аз әсерін тигізді.

Өткен ғасырдың ортасында белгілі ғалым Г. Мюрдаль былай деп тұжырымдама жасады, Оңтүстік және Оңтүстік Шығыс Азия елдерінің тұрғындарының көпшілігі тығырықта, олар қиын-қыстау жағдайға жеткен, көңіл-күйлері нашар. Ал 21-ғасырдың басында белгісіз ғалым Питер Дракер «Форум» журналына интервью бере отырып, былай деп мәлімдеді: АҚШ-тың шартсыз экономикалық үстемшілік заманы өтті, әлемдік экономикада аумақтық блоктар өте үлкен рөл атқаруда, ал Үндістан экономикалық күш жинауда [6,53].

Үндістанға заманауи жаһандану дәуірі қашан келді. Колумбия университетінің профессоры Джагдши Бхагвати суреттеген жолмен барсақ, колониалдық кезеңнен кейінгі Үндістанның экономикасының даму модельдерінің негізгі 2 даму фазасын белгілеуге болады [7].

Бірінші фаза – 20-50 жылдардан 90-жылдар аралығы – сол жылдарғы көптеген дамушы елдер арасындағы ең танымал болып есептелген импорт ауыстырушы дамытуды көздеген белсенді индустриализация кезеңі.

Екінші фаза – 90-жылдан бастап Үндістанда либерализациялау және экономиканың жартылай дозаланған ашықтығы бойынша реформа жүргізу басталды.

Үндістанның жоғарыда айтылған экономикалық даму кезеңдеріне байланысты экономикасы мен саясатының өзара байланысын атап өтпеуге болмайды. 1991 ж. реформа жүргізе бастаған кезден Үндістан экономистерінің бірқатары, Үндістан енді ғана Оңтүстік-Батыс Азия сияқты «тиісті» даму жолына түсті деген қағиданы кеңінен алға тартты, Үнді экономистері, егер де ол импорт ауыстырғанның орнына ертерек экспорт жолына түскенде тәуелсіз дамудың ерте кезеңдерінде даму қарқынына жетерлігін дәлелдейтін зерттеу жасады [8,3].

Бірақ біз импорт ауыстыру Батыс мемлекеттері мен Жапониядан даму жолына кеш өткен әлем мемлекеттерінің фазасы деп білеміз, қазір дамыған мемлекеттер тура сондай-ақ модельге ерді: дамудың ұқсас сатыларында: Англия Голландияны қуып жетіп, ал АҚШ артынан Германия, Австралия, Англияны мемлекеттік секторға қарасты экономиканың импорт ауыстырушы моделі Үндістанның колониалдық кезеңінің бүкіл әлеуметтік экономикалық құрылымын Батыс пен Жапония мемлекеттері сияқты, олардың өндірістік нарығындағы сатысында мемлекет белсенді болды, бірақ барлық жерде бірдей емес, кәсіпкерлердің мүмкіншіліктерін алға тартып, соның ішінде халықаралық мүмкіншіліктерін де. Біздің заманда: экспортты кеңейту мен импортты ауыстыруды таңдау проблемалары соншалықты біркелкі емес. Ғалымдар көзқарасының өзгеруіне, шетел капиталы мен тауарларының ағыны мемлекеттердің үнемсіз аса ашық болуының тиімділігіне күмән туғызған, Азия нарығының 1997-1998 жж. қаржылық дағдарысы маңызды рөл атқарды.

Қорытынды жасай келе көп еңбектерде экономиканы сыртқы әсерлерге ашу мен экономикалық өсу арасында жалпы оң байланыс бар екендігін атап өту қажет. Сонымен қатар сауда өсуге әсерін тигізетінін дәлелдеуші регрессиялық сатының барлығы үшін белгіленген заңдылық тұрақсыз екендігін дәлелдеуді талдау үшін басқа ауыстырылымдар мен басқа уақыт бөлігін таңдап алу қиынға соқпайды деген. Осы күнге дейін, әлі де дамушы елдер үшін осындай ашықтық қаншалықты жемісті болатындығы дәлелденбеген. Барлық елдер үшін және барлық уақытта жарайтын дәл «рецепт» жасау мүмкін емес, бірақ сыртқы фактор мен

өсу қарым-қатынасын нақты мемлекетті нақты дәуірде алып қарастыруға болады.

Заманауи жаһандану дәуірінде Үндістанның экономикалық өсу шапшаңдығын жеделдету ішкі факторлармен анықталмай, ішкі интеграцияны тереңдетудің салдарымен анықталады. Ішкі қорды қолдану шаралары, өндірісті ішкі қарқындалу, институттардың сапасын көтеру, сонымен қатар дамудың қуып жету эффектісі де ішкі интеграцияны тереңдетудің салдарымен анықталады. Сонымен қатар бұл тенденцияда сыртқы факторлардың рөлі өсе беруді жалғастырады. Бұл туралы мемлекеттің дамудың сыртқы көздерінің өсу бағдары айтады.

Әрине, бұл жерде өзінің рөлін елде таралған ағылшын тілі де атқарды. Екінші жағынан, Үндістандағы Үнді ұлттық конгресінің ұтысы тұрғындардың, Шығыс бағытына саясат жүргізген, билікте болған ВІР партиясының бағытына риза еместігін айтады.

Бір келкі протекционизм немесе прагматикалық либерализмді жоғары бағалай отырып, бәріне мәлім болғандай, Батыс елдері экономикалық заманауи өсу дәуіріне өту кезеңінде өз экономикаларының ашықтығын шектеуге бейімді болды. Бұл кез келген шектеуде

шапшаң, тездетілген құрылымдық реформалар, либерализациялаумен ашықтықтың ХВҚ заманауи дамушы мемлекеттеріне несие мен займдар орнына ұсынылатын талаптармен сәйкес келмейді. Көптеген мемлекеттер өзінің елдерін тездетіп ашудан ұтпайды, олардың экономикалық және әлеуметтік инфрақұрылымы нашар дамыған болса, мемлекеттік аппараты жемқорлыққа жақын болса және де үкіметке сенімділік болмаса, экспорттық потенциалын белсендіре алмайды.

Үндістанның үлгісі көрсеткендей, мемлекеттің жеке секторға деген шамалы позитивтік қозғалуы экономиканың өсуін жылдамдатуға әкеліп соқтырады.

Екінші жағынан, 1998 жылғы Азия дағдарысының нәтижесінен алынған тәжірибе, мемлекеттерді абай болуға шақырып, өз елін сыртқы кірістерге ашуда таңдаумен қарауға үйретеді. Оның дүниежүзілік саудадағы үлесі шамалы ғана өзгеріп, ал ТШИ кірісінің үлесі өте аз бола тұра, едәуір экономикалық өсу шапшаңдығына қол жеткізген Үндістан тәжірибесі бізді осы қорытындыға алып келіп отыр. Үндістан тәжірибесі Қазақстанға да пайдалы болуы мүмкін.

### Әдебиеттер

- 1 Воскресенский А.Д. Восток/Запад: региональные подсистемы и региональные проблемы международных отношений. – М., 2002. – 528 с.
- 2 Авдокушич Е.Ф. Международные экономические отношения. – М.: Юрист, 2001. – 265 с.
- 3 Рамзес В. Век новой экономики: глобализация стучится в дверь. АзияиАфрикасегодня №5. – 2002. – 76 с.
- 4 Goldsmith E. & Mander J. The Case against the Global Economy & for a Turn towards Localization. – L.: Earthscan Publications, 2001. – 185p.
- 5 Hoogvelt A. Globalization and the Postcolonial World: the New Political Economy of Development. – Palgrave, 2001. – 325 p.
- 6 Crafts Nicholas Globalization and Growth in the Twentieth Century. IMF, WP/00/44. 76 p.
- 7 Ostendorp Remco Globalization and the Gender Wage Gap. World Bank Research Working Paper 3256, April 2004. www.worldbank.org.
- 8 Ванина Е.Ю. Индия: страна и ее регионы. – М.: 2000. – 360 с.

### References

- 1 Voskresenskii A.D. Vostok/Zapad: regionalnye podsistemy I regionalnye problemy mejdunarodnyh otnoshenii– M., 2002. – 528 p.
- 2 Avdokushich E.F. Mejdunarodnye ekonomicheskie otnoshenia– M.: Yurist, 2001.– 265 p.

- 3 Ramzes V. Veknoieikonimiki: globalizaciastuchitsia v dver. Asia I Afrikasegodnia №5, – 2002. – 76 p.
- 4 GoldsmithE. &ManderJ. The Case against the Global Economy &for a Tura towards Localization. –L.: Earthscan Publications, 2001.– 185p.
- 5 HoogveltA.Globalization and the Postcolonial World: the New Political Economy of Development. – Palgrave,2001. – 325 p.
- 6 CraftsNicholasGlobalization and Growth in the Twentieth Century. IMF, WP/00/44. 76 p.
- 7 OstendorpRemco Globalization and the Gender Wage Gap. World Bank Research Working Paper 3256, April 2004. [www.worldbank.org](http://www.worldbank.org).
- 8 Vanina E.Y India :Strana I ee region. – M.: 2000. – 360 p.